«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Дигай Дамир Анатольевичтің «Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің құқықтық реттелуі (ұлттық заңнама және халықаралық тәжірибе)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізу құқығын құқықтық реттеу мен оны іске асыру тәжірибесін талдау, осы саладағы халықаралық стандарттар мен шетелдік тәжірибені зерделеу, сондай-ақ заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми тұрғыда негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

– ақпарат алу құқығының ұғымы мен мәнін, сондай-ақ оның құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам қалыптастырудағы маңызын зерттеу;

– ақпаратқа қол жеткізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының эволюциясын талдау;

– азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған конституциялық және заңнамалық нормаларды қарастыру;

– ақпаратқа қол жеткізу туралы нормаларды тәжірибеде қолданудың негізгі жетістіктері мен өзекті мәселелерін айқындау;

– ақпараттық ашықтық мәселелерін реттейтін негізгі халықаралық-құқықтық

– актілерді зерделеу;

– Қазақстан Республикасында және шетел мемлекеттерінде ақпарат алу құқығын іске асыру заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу;

– азаматтар мен ұйымдардың ақпаратқа қол жеткізуге талпынысы барысында кездесетін негізгі кедергілерді анықтау;

– ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудегі цифрлық технологиялардың рөлін зерттеу;

– халықаралық стандарттар мен табысты шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны ақпаратқа қол жеткізу құқығын құқықтық реттеу және оны тәжірибеде іске асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар. Аталған қатынастар азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтиды, сондай-ақ ақпараттың ашықтығын, есептілігін және қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық және халықаралық нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Зерттеу пәні ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін құқықтық нормалар, оларды іске асыру тетіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында да, халықаралық құқықтық стандарттарда да көзделген тұжырымдамалар, қағидаттар мен құралдар.

Зерттеу әдістері зерттеудің нысаны мен пәнін жан-жақты зерделеуді

қамтамасыз ететін және қойылған мақсат-міндеттерге кезең-кезеңімен қол жеткізуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы әдістердің жиынтығын қамтиды. Әдіснама қарастырылып отырған мәселені кешенді талдауға бағытталған әртүрлі тәсілдердің үйлесіміне негізделген.

Зерттеуде ең алдымен ақпаратқа қол жеткізу құқығын реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық институттарды талдауды көздейтін формалды-заңдық әдіс қолданылды. Бұл әдісті қолдану заңнамадағы олқылықтарды, коллизияларды және ішкі үйлеспеушіліктерді анықтауға, сондай-ақ құқықтық реттеудің тиімділігі мен тұтастығын арттыру мақсатында оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталды.

Сонымен қатар, ұлттық тәсілдерді шетелдік тәжірибемен және халықаралық стандарттармен салыстыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы-құқықтық әдіс пайдаланылды. Аталған әдіс жекелеген шетелдік шешімдердің Қазақстан жағдайында қолданылу мүмкіндігін бағалауға және халықаралық тәжірибені ықтимал рецепциялау бағыттарын айқындауға жағдай жасайды.

Зерттеуде эмпирикалық әдістер де қолданылды, оның ішінде сот тәжірибесін талдау, статистикалық деректер мен сараптамалық бағалауларды зерделеу жүргізілді. Бұл ақпаратқа қол жеткізу туралы нормалардың тәжірибеде іске асырылуын бағалауға және азаматтар, мемлекеттік органдар мен ақпараттық құқық қатынастарының өзге де қатысушылары ұшырасатын мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Қосымша ретінде азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу саласындағы өз құқықтары туралы хабардарлық деңгейін және осы құқықты іске асырудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін қабылдауын зерттеуге бағытталған әлеуметтік әдістер, оның ішінде сауалнама жүргізу және сұхбат алу қолданылды.

Сараптамалық сауалнамаға 49 сарапшы қатысты. Іріктеу критерийі ретінде ақпараттық қауіпсіздік саласында кемінде 10 жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы белгіленді, бұл аталған салада терең, тәжірибелік білімі бар респонденттердің қатысуын қамтамасыз етті.

Электронды хатта бірнеше жауап нұсқасын таңдауды көздейтін келесі сұрақтар қамтылды:

1. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету жүйесіне қандай компоненттер кіреді?

2. Ақпараттық қауіпсіздікті және қоғамдық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету үшін қолжетімділігі шектеулі ақпараттың қандай түрлерін айқындау қажет?

Сараптамалық сауалнама электронды пошта арқылы жүргізілді. Әрбір сарапшыға сауалнама парағы қоса берілген хат және қатысуға шақыру жіберілді. Сауалнама 10 күнтізбелік күн ішінде өткізілді. Қатысушыларға сауалнаманың мақсаттары туралы ақпарат берілді, сондай-ақ нәтижелер олардың жеке деректерін жасыра отырып жарияланатыны көрсетілді.

Сонымен қатар, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру барысында туындайтын кедергілерді анықтауға бағытталған 179 респонденттің (мемлекеттік қызметшілер, студенттер, ғылыми қызметкерлер, ҮЕҰ қызметкерлері,

кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері, блогерлер және мектеп оқушылары) қатысуымен әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. «Ақпарат» ұғымының дефинициясы әмбебап сипатқа ие бола алмайды, өйткені оның мазмұны, қасиеттері және құқықтық реттелуі ол қолданылатын нақты салаға елеулі түрде тәуелді. Ғылыми және құқықтық әдебиетте ақпараттың әртүрлі аспектілерін көрсететін көптеген анықтамалар бар. Алайда әртүрлі құқық салаларында ақпаратты қарастыру барысында мұндай анықтаманың әмбебаптығы күмән тудырады. Демек, ақпараттың анықтамасы әмбебап болуы мүмкін емес, өйткені оның қасиеттері, құқықтық мәртебесі және маңызы қолданылу контексіне байланысты өзгеріп отырады. Бұл ақпаратты құқықтық реттеуде әрбір саланың ерекшелігіне бейімделген салалық тәсілді талап етеді.

2. Қорғалатын және коммерциялық мәні бар ақпаратты азаматтық құқықтар нысаны ретінде тану қажеттілігі оның экономикалық құндылығына, мүліктік айналымға қатысуына және тиімді құқықтық қорғауға мұқтаждығына негізделеді. Цифрлық экономика жағдайында ақпарат мәмілелердің, лицензиялаудың және өзге де азаматтық-құқықтық қатынастардың нысаны бола алатын стратегиялық ресурс мәртебесіне ие болады. Мұндай ақпарат түрлеріне, ең алдымен, коммерциялық құпия, ноу-хау, дербес деректер, шаруашылық жүргізуші субъектілердің құпия мәліметтері, сондай-ақ иеленушілері үшін дербес құндылығы бар және еркін таратуға арналмаған өзге де деректер жатады. Аталған ақпараттың ортақ ерекшелігі – оның экономикалық және құқықтық маңызы шектеулі қолжетімділікпен және белгіленген қорғау режимімен тікелей байланысты.

Ақпаратты азаматтық құқықтар нысаны ретінде тану ақпаратты еркін тарату қағидаты мен оны құқықтық қорғау қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті барынша нақты қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл экономика цифрландырылып, деректер айналымы кеңейген жағдайда ерекше өзекті болып отыр. Қорғалатын және коммерциялық мәні бар ақпаратты азаматтық құқық нысанының жүйесіне енгізу – оны құқықтық реттеу мен қорғаудың тұрақты тетігін қалыптастырудың қажетті шарты. Мұндай тәсіл, бір жағынан, заңнамадағы бар олқылықтар мен екіұштылықты жоюға ықпал етсе, екінші жағынан, ақпаратты азаматтық айналым шеңберінде, оның ішінде шарттық және шарттан тыс нысандарда пайдалану арқылы ақпараттық құқық қатынастарының дамуына алғышарттар жасайды.

3. Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының нормаларын талдау ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету міндеті бюджет қаражатын алушылар болып табылатын заңды тұлғаларға, бірақ тек оларды пайдалану бөлігіне қатысты жүктелетінін көрсетеді. Алайда бұл тәсіл Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің нормаларымен толық үйлеспейді, өйткені Бюджет кодексі бюджет қаражатын алушылар ретінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арқылы қаржыландыру алатын және тиісті іс-шараларды іске асыру шеңберінде пайдаланатын заңды тұлғаларды да, жеке тұлғаларды да айқындайды. Осыған байланысты ақпарат беруге міндетті субъектілер тізбесі кеңейтіліп, бюджет қаржыландыруын алатын жеке тұлғаларды да қамтуы тиіс.

Екіншіден, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңды орындау шеңберінде ақпаратқа иелік ететін және бюджеттен қаржыландыру алатын барлық субъектілер осы қаражаттың мақсатты пайдаланылуы туралы мәліметтерді ашуға міндетті. Алайда тәжірибеде тендерлерді ұтып алған ұйымдардың қолжетімділігі шектеуге жатпайтын бюджет қаражатының жұмсалуы туралы деректерді жариялamауы жиі кездеседі. Бұдан бөлек, мұндай ұйымдардың едәуір бөлігінде тиісті ақпаратты орналастыруға мүмкіндік беретін ресми интернет-ресурстар немесе әлеуметтік желілердегі парақшалар жоқ.

4. Ақпаратқа қол жеткізуді құқықтық реттеуді жетілдіру мемлекеттік шығыстардың ашықтығын қамтамасыз ету үшін кешенді тәсілді талап етеді. Осы бағыттағы негізгі бастамалардың бірі мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектор сатып алулары үшін бірыңғай цифрлық платформа құру, сондай-ақ сатып алу процестерін жасанды интеллектіні қолдана отырып автоматтандыру болуы тиіс. Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік сатып алулар және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының сатып алулары бір-бірімен үйлестірілмеген ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырылады, бұл олардың мониторингін, тиімділігін талдауды және қоғамдық бақылауды қиындатады. Мұндай жағдай бюджет қаражатының жұмсалуындағы ашық еместікке, сатып алулардың қайталануына, өткізу тиімділігінің төмендеуіне, сондай-ақ тендерлер туралы ақпаратқа шектеулі қолжетімділікке байланысты сыбайлас жемқорлық схемалары үшін қолайлы жағдайлардың қалыптасуына әкеледі. Бірыңғай деректер базасының болмауы сатып алу рәсімдерін жүйелі түрде талдауға және бұзушылықтарды ерте кезеңдерде анықтауға мүмкіндік бермейді.

Мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектор сатып алулары үшін бірыңғай цифрлық платформа құру көрсетілген проблемаларды жоюға, тендерлер, жеңімпаздар және шарттардың құны туралы деректерді шоғырландыру арқылы сатып алу рәсімдерінің толық ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, қоғамдық бақылауды жеңілдетеді және бизнестің мемлекеттік сатып алуларға қатысуын кеңейтеді. Сонымен бірге сатып алудың орталықтандырылған жүйесі рәсімдерді біріздендіру, қайталануды болдырмау және бюджет қаражатын жұмсауды оңтайландыру арқылы мемлекеттің шығындарын қысқартуға әкеледі.

5. Халықаралық тәжірибені зерттеу және Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін талдау негізінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алу және тарату жөніндегі конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтіні анықталды. Атап айтқанда, Заңның 6-бабы қолжетімділігі шектеуге жатпайтын ақпарат санаттарын, оның ішінде бюджет қаражатының жұмсалуы, мемлекеттік мүліктің пайдаланылуы және экологиялық жағдай туралы мәліметтерді айқындайды. Осыған байланысты шетелдік инвесторлармен жасалатын өнімді бөлу туралы келісімдердің шарттары қоғам үшін қолжетімді болуы тиіс, өйткені олар ұлттық ресурстарға және мемлекеттің мүдделеріне қатысты.

Осылайша, шетелдік инвесторлармен жасалған келісімдер туралы ақпаратты міндетті түрде жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді және ұлттық ресурстарды пайдаланудың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету тұрғысынан қоғам мүдделеріне жауап береді. Жоғарыда көрсетілгенді ескере отырып, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 6-бабының 9) тармағы толықтыруды қажет етеді.

6. Азаматтардың ақпарат алу құқығын тиімді іске асыру, мемлекеттік құрылымдардың жұмысының ашықтығын арттыру және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы нормаларын құқық қолданудағы олқылықтарды жою үшін ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкіл (ақпараттық комиссар) институтын енгізу қажет. Ақпараттық комиссар институтын Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің жанындағы құрылымдық бөлімше ретінде іске асыруға болады.

Тәжірибеде азаматтар мен ұйымдар ақпарат беруден бас тарту, жауап берудің кешіктірілуі және мемлекеттік органдардың ашықтығының жеткіліксіздігі сияқты қиындықтарға тап болады. Осы салада заңнаманың сақталуын бақылауға уәкілетті бірыңғай тәуелсіз органның болмауы ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыруды шектейді.

6. Құқық қорғау органдарының сот бақылауынсыз байланыс желілеріне және интернет-ресурстарға қолжетімділікті шектеуі мемлекеттік егемендік, азаматтардың құқықтары және қоғамдық тұрақтылық үшін тәуекелдер туындатады. Мұндай шаралар дестабилизацияға, ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеуге, экономикалық шығындарға және мемлекеттік институттарға сенімнің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Теріс пайдаланушылық тәуекелдерін азайту және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында «Байланыс туралы» Заңның 41-1-бабын қайта қарау орынды деп саналады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертация қолжазбасы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының отырысында талқыланды.

Негізгі теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсынымдар 7 халықаралық және республикалық ғылыми басылымда апробациядан өтті:

1. Finding a balance between personal data protection and public safety in the age of

digitalization: International approaches and their adaptation. Journal of «Revista Relações Internacionais do Mundo Atual» - 2025. Vol. 4, no. 50 | e-7787. pp. 124–142, e-ISSN: 2316 – 2880, DOI: http://dx.doi.org/10.21902/Revrima.v4i50.7787;

2. Ensuring the Right of Access to Information Due to the Need to Increase the Level

of Information Security and Protect Public Interests. Journal of Lifestyle and SDGs Review. https://doi.org/10.47172/2965-730X.SDGsReview.v5.n02.pe04036;

3. Comparative analysis of international legal regulation and practice of foreign

countries in providing access to information: integration of regulatory and practical approaches // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2024. – №1(146). – 223–232-бб.

4. International experience and national peculiarities of protection of the right to access

to information: comparative legal analysis // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2024. – №1(149). – 216–234-бб.

5. Legal regulation of information on internet resources in the Republic of Kazakhstan

// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. 2024. – 111(3). – 24–32-бб. DOI: https://doi.org/10.26577/JAPJ2024-111-i3-03;

6. Problems of compliance with constitutional guarantees of the right of access to

information on the Internet as a mechanism for the development of civil society // Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының Ғылыми еңбектері. – 2024. – №2 (79). – 183–190-бб.

7. The legal framework for the advancement of civil society within Kazakhstan's

information environment // Zeszyty Naukowe Akademii Górnośląskiej, ISSN 2956-6673, e-ISSN 2956-6681, Nr 12/2024 (24), s. 68–77, DOI: 10.53259 / 2024.12.06

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу ақпаратқа қол жеткізуді құқықтық реттеу тетіктерін түсінудің және жетілдірудің жаңа теориялық әрі тәжірибелік тәсілдерін әзірлеумен айқындалады. Атап айтқанда, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қолданыстағы ұлттық заңнаманы кешенді талдау ұсынылады, оның шеңберінде заңнаманың күшті жақтары да, бар проблемалық аспектілері де анықталады. Талдау олқылықтар мен қайшылықтарды жай ғана тіркеуге емес, оларды жоюға бағытталған нақты ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған. Осыған байланысты нормативтік-құқықтық базадағы соңғы өзгерістерге және олардың азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру тәжірибесіне нақты ықпалына, сондай-ақ тиімділік деңгейіне ерекше назар аударылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ақпаратқа қол жеткізуді құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізумен де көрініс табады. Мұндай тәсіл ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етудің неғұрлым орнықты және нәтижелі модельдерін айқындауға, сондай-ақ оларды ұлттық жағдайларға бейімдеу мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге ғылыми жаңалық мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін арттырудың нақты тетіктерін тұжырымдаумен, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстармен байланысты. Тұтастай алғанда, бұл диссертациялық зерттеуді ақпаратқа қол жеткізуді құқықтық реттеу теориясы мен тәжірибесін дамытуға үлес қосуға бағытталған, осы саладағы өзекті мәселелердің қолданбалы шешімдерін ұсынатын еңбек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ізденушінің әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі олардың әрқайсысының өз бетінше және толыққанды түрде өзекті тақырып бойынша

жүргізілген зерттеу екендігімен сипатталады. Ізденушінің мақалаларында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған толық ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар, сондай-ақ диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша оң халықаралық тәжірибені пайдалану жөніндегі ұсынымдар ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс 177 бет мәтін түрінде баяндалған, дәстүрлі қағидат бойынша құрылған және нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кестелер мен диаграммалардан, иллюстрациялық материалдардан, сондай-ақ нормативтік және ғылыми дереккөздердің кең көлемді тізімінен тұрады.